

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ
ҚАУЛЫ



АКИМАТ
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ
ПОСТАНОВЛЕНИЕ

20 13 ж. 31 қазан
№ 328

20__ г.

Тараз қаласы

Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
(Жамбыл облысының Әділет департаменті)

Нормативтік құқықтық акті 200/3 жылғы 09
12 Нормативтік құқықтық кәсіпкерлік
мемлекеттік тіркелудің тізіміне
№ 2060 болып енгізілді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативі қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың уәкілетті органдары жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың I мамырына дейінгі мерзімде «Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Қаржы басқармасы) алдағы үшжылдық кезенге арналған облыстық бюджетке аударылуы тиіс таза табыстың бір бөлігінің болжамды сомаларын, сондай-ақ есепті жылы облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорының облыстық бюджетке аударған таза табысының мөлшерін берсін.

3. Облыс әкімдігінің қаржы басқармасы (Е. Манжуов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Гани Қалыбайұлы Сәдібековке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі



[Handwritten signature]

Қ. Бозымбаев

003944

Жамбыл облысы әкімдігінің
2013 жылғы «31» қазандағы
№328 қаулысына қосымша

**Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың
таза табысының бір бөлігін аудару нормативі**

1. Облыстық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін облыстық бюджетке аудару нормативі былайша айқындалады:

| | |
|--|---|
| Таза табыс 3 000 000 теңгеге дейін | Таза табыс сомасынан 5 пайыз |
| Таза табыс 3 000 001 теңгеден 50 000 000 теңгеге дейін | 150 000 теңге + 3 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 10 пайыз |
| Таза табыс 50 000 001 теңгеден 250 000 000 теңгеге дейін | 4 850 000 теңге + 50 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 15 пайыз |
| Таза табыс 250 000 001 теңгеден 500 000 000 теңгеге дейін | 34 850 000 теңге + 250 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 25 пайыз |
| Таза табыс 500 000 001 теңгеден 1 000 000 000 теңгеге дейін | 97 350 000 теңге + 500 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 30 пайыз |
| Таза табыс 1 000 000 001 теңге және одан жоғары | 247 350 000 теңге + 1 000 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 50 пайыз |

2. Денсаулық сақтау саласында өндірістік-шаруашылық қызметін жүзеге асыратын облыстық мемлекеттік кәсіпорындар үшін аудару нормативі 5 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Шүрәп